



Ибрагимов Жамаладен Ибрагимұлы,

ҚР Заң шығару Институты халықаралық заңнама

*және салыстырмалы құқықтану бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент*

ЖАҒАНДЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕРГЕ ЫҚПАЛ ЕТУШІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТЕТІКТЕР

2014 жылдың 6 тамызында Қазақстан Республикасы Президентінің төрағалығымен елдің экономикалық және әлеуметтік дамуының ең басты мәселелеріне байланысты Үкіметтің кеңейтілген мәжілісі өтті. Елбасы «Қазақстан-2050» Стратегиясында көрсетілген міндеттерді орындау ауқымында атқарушы биліктің алдына жаңа міндеттер қойылатынын атап өтті. Бүгінгі Үкіметтің экономикалық саясаты қазіргі кезеңдегі тәуекелдерге бағыттала жүргізілуі айқын көрінді. Әлемдік дамудағы іргелі өзгерістерге сәйкес мемлекеттік басқару бағыты жетілдіру қадамдарын күн тәртібіне қойды.

Халықаралық деңгейде 2015 жылы 1 қаңтардан бастап Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт өз күшіне енеді. Сонымен қатар біздің мемлекет Дүниежүзілік Сауда Ұйымына кіру жөнінде келіссөздердің соңғы сатысына да таянды. Осы орайда жаңа интеграциялық жағдайда еліміздің экономикасының қызметін одан әрі тереңдету жұмыстары жалғастырылуы қажет.

Мемлекет басшысы 2014 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауында мұндай жүйелі өзгерістер болатындығын алдын-ала нұсқаған болатын: «Біздің Стратегия-2050 басты мақсаттарға жетуді көздейтін барлық іс-әрекеттеріміз нақты қағидаттарға негізделуі тиіс. Біріншіден, қабылданатын барлық шешімдердің прагматизмі мен эволюциялылығы қағидаты. Экономикада, саясат және әлеуметтік тұрмыста ешбір секіріске, жөнсіз сынақ пен авантюраларға жол беруге болмайды. Айналамыздағы әлем қалай тез өзгереді болса, еліміз бен қоғамымыз да солай жылдам өзгеруі тиіс» [1, 3].

Ал Ақ Ордада кешегі өткен келелі жиында ұзақ мерзімді стратегия мегзеген кәсіби үкіметтің үлгісі негізделіп, жаңа уақыттың жаңа

міндеттері қойылды. Қазақстанның әлемдегі дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіруін қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың жүзеге асырылу барысы, сондай-ақ алдағы кезеңге арналған басымдығы бар міндеттер жаһандық сын-қатерлердің аясында қарастырылды.

Осы мемлекеттік деңгейдегі іс-шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылуы ең алдымен еліміздің тұрғындары үшін өте қажет. Жалпы мемлекеттік реформа, құқықтық жүйедегі өзгерістер халық діліне жақын, бейім болса ғана тиімді түрде іске асады. Жаһандану кезеңінде өзінің тарихының, әдет-ғұрпы мен дәстүрінің қадіріне жететін халық қана табысты өркендей алады. Қазіргі таңда елімізде барлық ұлттардың өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, мәдениет пен дәстүрді дамыту стратегиялық басымдықтарға айналып келе жатыр. Ұлттық дәстүрлерімізді сақтау-мемлекеттілігімізді дамытудың кепілі болып табылады. Кезінде отыршыл өкімет дала өлкесін отарлау саясатын белсенді түрде жүзеге асырса да, ғасырлар бойы көшпелі далада қалыптасқан дәстүрлі құқықтық тәртіптің түбегейлі жүйе екендігіне, оны халыққа жат жүйемен күштеп немесе «бейбіт жолмен» алмастырудың мүмкін еместігіне көздері жеткен. Сол кезеңдегі дәстүрлі құқықтық жүйенің керемет құбылыс екендігі туралы деректерде былай деп атап көрсетіледі: «Киіз туырлықты қазақ аталатын бұл елдің өмір тарихы, тұрмыс салты, әдет-ғұрпы, мінез-құлқы айна қатесіз бірдей осыншама тұрақтылық, тұтастық Октябрь революциясына дейін тұтас мемлекет болмаған елде таңғаларлық құбылыс» [2, 37].

Мемлекетіміздің құқықтық жүйесін қалыптастырып, жетілдіруде жалпыға ортақ қабылданған халықаралық құқық және шет елдер тәжірибесімен қатар, халықтың жадысында сақталған жүздеген жылдар бойы қоғамда

реттеушілік қызмет атқарған институттардың өзіндік тәжірибесінің зор мәні бар. Сондықтан мемлекет және құқық тарихының өткенін зерделеу болашақ қадамдарға нық жол ашады.

Ғылыми қауымның назарына ұсынылып отырған бұл мақала қазақ мемлекеттілігі мен құқықтық жүйелерінің дамуында ерекше орын алатын дәстүрлі құқықтық жүйе ережелерінің саяси әлеуметтік реттеушілік қызметіне арналған. Өйткені бүгінгі таңдағы жаһандық сын-қатерлерге жауап беруде халқымыздың жанына жақын құқықтық тетіктердің атқаратын рөлі маңызды деп ойлаймыз.

Дәстүрлі құқықтық жүйе қазақ халқының мемлекет және құқықтық тарихында ерекше орын алатын құбылыс. Оның қайнар бастауы қазақ халқының көнеден келе жатқан салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары. Бұлар бірнеше мыңдаған және жүздеген жылдар көшпелі ортада, Еуразияның ұлан-байтақ даласында сақталып, толықтырылып, XVII ғасырдың соңында XVIII ғасырдың басында жаңа жүйеге түсіп, Өз Тәукенің заңдары деген атақпен белгілі болды. Дәстүрлі құқықтық жүйенің маңызы ерекше құқықтық ескерткіші «Жеті жарғының» ережелерінен, қазақ билерінің талқысынан өткені ауыз екі мәтел түрінде сақталған «Күлтөбенің басында күнде кеңес» деген сияқты сөздерден де белгілі.

Қазақ халқының әдет-ғұрып заңдарының ерекше табиғаты мен өміршендігі туралы академик С.З. Зиманов былай деп жазады: «Значение казахского права заключается не в исключительности его как некоего системно институционального учреждения в истории. Все народы в той или иной форме на ранней стадии своей истории прошли такой период - период господства обычно правового регулирования общественных и управленческих отношений. Такой период у многих народов был неустойчивым, недолгим, переходным... казахское право тем и отличается, что оно, руководствуясь в своей основе обычно правовыми нормативами и институтами, сложилось и получило развитие как бы в «свободной» зоне и в силу этого вообрало в себя больше мирные, естественные устойчивые принципы кочевой цивилизации. В этом плане можно сказать, что оно по содержательной части определило во многом свою эпоху, в недрах которой формировалось, и переросло ее рамки» [3, 18-19].

Дәстүрлі құқықтық жүйенің құқықтық ескерткіші «Жеті жарғының» көрсетілген уақыт

межесінде, яғни XVIII ғасырдың басында дүниеге келуі, қазақ әдет-ғұрып заңдарының жаңадан өңделуі тарихи оқиғалармен тығыз байланысты, занды құбылыс. Қазақ көшпелілерінің қоғамы Орталық Азияда қалыптасқан ауыр саяси-әлеуметтік жағдайда, сыртқы қауіптің күшеюіне қайткен күнде де жауап беруі қажет болды. Осындай объективті тарихи жағдай мемлекет іргесін, халықтың бірлігін күшейтуге бағытталған заңдар, құқықтық дәстүрлердің қайта жаңғыруына тікелей әсер етті.

Құқықтанушылар мен тарихшылар қазақтың дәстүрлі құқықтық жүйесін тек қазақ қоғамының ішкі қауымдық тіршілігін реттеу мәселелерімен ғана байланыстырады. Мәселенің осындай деңгейде көтерілуі белгілі дәрежеде құқықтық институттарға ретроспекциялық тұрғыдан қараудың тікелей жемісі. Дәстүрлі құқықтық жүйеге байланысты әдет-ғұрып ережелері жинақталып хатқа түсе бастаған XIX ғасырда қазақ халқының мемлекеттік дәстүрлері аса құлдырап, оның реттегіш тетіктері, заңдары қолданыстан шыға бастаған еді. Сонымен бірге ұлттық мемлекеттің негізгі ұйытқысы, құрылымдық жүйесінің негізі болып табылатын туыскандық қарым-қатынастар «ақтабан шұбырынды» заманында үлкен соққы алып, қалыпты жүйесін бұзып алды.

Көптеген рулар мен тайпалар өздерінің үйреншікті қоныстарын өзгертіп басқа жақтарға қоныс аударды және ыдырау үрдісіне ұшырады. Бұл дағдарыс әлеуметтік топтар арасындағы қарым-қатынасқа да тікелей әсер етіп қоғамдағы төре мен қараша, төре мен төлеңгіт, отырықшы мен көшпелі элементтер, субэтникалық топтар мен жіктер арасындағы қалыпты қатынас бұзылды. Осы себептен ғылыми әдебиетте дәстүрлі құқықтық жүйе заңдарын тек көшпелілердің өз ортасындағы қауымдық қарым-қатынастарды реттейтін құқықтық ережелер ретінде қабылдау қалыптасып, оның мемлекеттік маңызына көңіл бөлінбеді.

Шынмәнінде әдет-ғұрып заңдары тек қазақтың ру ішіндегі қауымдық қарым-қатынасын ғана емес, сонымен бірге жалпы мемлекеттік, соның ішінде қазақ сияқты негізгі мемлекет құрушы этнос пен мемлекет құрылымындағы қалалық өңір халы, көптеген әлеуметтік топтардың арасындағы қарым-қатынастарды да реттейді.

Осының бір мысалын Кіші жүз ханы Әбілқайырдың өтініші бойынша Қазақ Ордасына келген Ресей елшісі М. Тевкелевтің күнделігінен кездестіреміз. Табын руының көсемі Бөкенбай батыр елшіге айтқан әңгімесіне сүйеніп ол былай

деп жазады: «У них, киргис-кайсаков, прежде были города, а именно: Ташкент, Тюркестан, Сейрам с принадлежащими ко оным городками и деревнями, и оными владели киргис-кайсацкие ханы и старшина. В тех городах живут сарты, то есть посадские мужики, с которых брали они дань. А из тех городов выслали их хонтайша тому с 15 лет. А ныне оными никто не владеет и дань не забирает, живут праздно...» [4, 62].

Бұдан шығатын қорытынды қазақ қоғамының жан-жағын түгел қамтыған ауыр жағдай саяси-құқықтық жүйенің де дағдарысын туғызып, мемлекеттің әкімшілік құрылымына да кері әсер еткен.

Егер мәселені тарихи-құқықтық қырынан терең зерделейтін болсақ дәстүрлі құқықтық жүйенің ескерткіші «Жеті жарғы» қазақ халқының дәстүрлі мемлекеттік және құқықтық мәдениетінің алтын қорынан сақталған ескерткіш. Бұл құқықтық құжатқа байланысты ауызша және жазба деректерді қарастырып отырып, оның мемлекет пен қоғамның тіршілігін үйлестіретін негізгі заң қағидаларының жинағы екенін көреміз.

Әрине, ол ең алдымен ұлттық танымның айшықты айнасы, халық рухының қамқоры, ұлттық мүдденің жаршысы, дегенмен оның басты мәні мемлекет және қоғам өмірін реттеу қабілетінде. Әлемде мыңдаған этностар бар болса, солардың барлығының да арман мүддесі мемлекеттік және ұлттық тәуелсіздік. Мемлекеттік және ұлттық дербестік идеясы дәстүрлі құқықтық жүйенің ел құрметіне бөленіп, шежіреші ақсақалдарының жадына берік жазылуына себепкер болған жағдайлар осы.

Осы жағынан келген дәстүрлі құқықтық жүйенің мемлекеттік және ұлттық әлеуеті қазіргі қазақ қоғамына да қызмет істей алатыны сөзсіз. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев тәуелсіз Қазақстанның тарихи-құқықтық дамуында көшпелі өркениет тарихын зерделеудің маңызы туралы былай деп атап өтті: «Несмотря на свою кажущуюся молодость, Казахстан, как культурно-историческая целостность, возник не на пустом месте. Его история неотделима от всей трехтысячелетней истории Великой кочевой цивилизации Евразии. Понять это - значит понять глубинную суть процессов, происходящих в современном Казахстане» [5, 223].

Қазіргі жаһандану кезеңінде біздің мемлекетіміз қатарларына қосылуға ұмтылатын әлемдегі 30 мемлекеттің тізіміндегі бәсекеге

қабілетті мемлекеттер (Қытай, Малайзия, Түркия, Сингапур т.б.) мемлекеттік-құқықтық, саяси-экономикалық дағдарыстан өздерінің дәстүрлі жүйесін негізге ала отырып шыққан.

Әлемдік деңгейде ең жоғарғы көрсеткішті бұл елдер дәстүрлі құндылықтарға сүйене отырып, Азия аймағындағы серпінді дамудың бас векторларын айқындады. Осы мемлекеттердің жетекшілері мемлекеттің басқаруында тарихи жалғастығы бар дәстүрлердің алатын рөлі зор екендігін айтады. Сонымен бірге Азия жолбарыстарының тәжірибесі де жаңа әлем үшін күресте мемлекет өзінің ұлттық дәстүріне сүйенуі қажет екенін дәлелдейді. Дэн Сяопин жүргізген реформалар туралы зерттеушілер ішінде «Этот путь органично учитывал национальные корни, не противопоставляя модернизацию традициям ... с самого начала у него было четкое понимание необходимости приспособить национальные традиции для решения задач модернизации...» қажетті тұжырым қалыптасқан [5, 144].

Қысқа ғана уақыт ішінде әлемнің ең алдыңғы қатарлы елдерінің қатарына қосылған Сингапур тәжірибесі де модернизация бағытына түскен елдердің өз дәстүрлерін пайдалану қажеттілігін айқындайды. Ли Куан Ю осы тұрғыдан алғанда Азия құндылықтары болып табылатын саяси-құқықтық дәстүрлерді экономикалық реформалауға сәтті пайдалана білді: «Для Ли экономическая политика еще не все. Неэкономические факторы не менее, а то и более важны. Это чувство общности нации, сильные моральные ценности и крепкие семейные узы... Азиатские ценности - самодисциплина, бережливость, уважение к старшим, ценностям семьи и власти, склонность к консенсусу и авторитет образования, действительно, стали серьезным психологическим импульсом производственной деятельности людей» [5, 102-103].

Мемлекеттік-құқықтық дамудың жоғарғы деңгейіне бұл елдердің әр қайсысы қайталанбас өз жолдарымен жетті. Тәуелсіз Қазақстанның саяси-құқықтық дамуында да, ерекше бір дәстүрлерді, рухани құндылықтарды терең зерделеп, жетілдіру, олардың қоғамды реттеудегі жасампаздығы, қажетті жағдайда оларды өміршең нормаларға айналдыру мәселелерін зерттеу бүгінгі заң ғылымында өте өзекті мәселелердің бірі деп ойлаймыз.

Мемлекеттік дамудың тарихи сабақтарынан қорытынды жасап, оның бай тәжірибесін бүгінгі күннің күн тәртібінде тұрған мәселелерді шешуде пайдалану Қазақстан заңгер ғалымдарының да назарында. «Мемлекеттік лауазымға ие болған

азаматтарымызға саяси-құқықтық ой-пікір қайраткерлерінің ұлағатты да, даналы сөздерін ұран ретінде саналарына сіңіріп, ұлтжанды, патриотизм идеяларымен жігерленген адамдарды қалыптастырып, ел басқару, билік жүргізу қызметін тек сол санаттағы адамдар тобына ғана тапсыру - даму заңдылығының ең өзекті мәселесі. Ең алдымен бұл мәселені шешпей мемлекеттік қызметте тазалық, әділеттілік, тек халық игілігіне еңбек ету сияқты талаптарды іс жүзіне асыру мүмкін емес екені тарихтың дамуымен нақты дәлелденген көрініс» деп жазады белгілі заңгер ғалым С. Өзбекұлы [6, 4].

Қай жағынан алып қарасақ та дәстүрлі құқықтық жүйе атымен танымал көшпелі қазақ өркениеті туғызған идеялар, асыл сөздер, жалпы құқықтық өмір философиясы тәуелсіз Қазақстан үшін өзінің мән-мағынасын жойған жоқ. Қазақ құқықтық жүйесінің феномені мемлекетіміздің қарқынды дамуына өз әлеуетін әлі де қоса береді.

Қазақ құқықтық жүйесінің ережелерінің қазіргі замандағы құқық ережелерінен бір айырмашылығы олар қалыптасқан құқық кодекстеріне жіктелмейді. Дегенмен зерттеушілердің ішінде әдет-ғұрып заңдарының біреше салаларын (отрасль обычного права) бөліп көрсету тәжірибесі қалыптасқан.

Мысалы, соңғы жылдары жарық көрген К.А. Алимжанның «Вопросы теории обычного права» еңбегінде былайша жіктеу бар: «среди первичных (одноуровневых) основных отраслей системы обычного права можно назвать матримониальное, клано родовое, административное, гражданское, уголовное (деликтное) и судебно-процессуальное (судебное) право» [7, 140].

Бұл жүйелеудің шартты екені мамандарға белгілі болар, оның үстіне бұл жерде конституциялық, немесе мемлекеттік заң ережелері туралы ештеңе айтылмаған. Дегенмен әдет-ғұрып заңдарының реттеушілік қасиеті мен мүмкіндігі өмірдің әр саласында бірдей бола бермейді. Мәселен, отбасы мен неке саласында қолданылатын ережелер отбасы мүшелерінің құқығын, олардың қарым-қатынасын, туыс-жекжат арасындағы күрделі жағдайларды реттесе, азаматтық құқықтың атқаратын қызметі бөлек.

Осы туралы зерттеуші К.А. Алимжан пікіріне жүгінейік: «гражданское право состоит из норм, регулирующих имущественные отношения, связанные с правом собственности, usufructом либо иным вещным прав, а также наследственные и иные связанные с этими отношениями...

судебно-процессуальное (судебное) право составляют нормы, регламентирующие судоустройство и судопроизводство в данном сообществе» [7, 141].

Жалпы заң ғылымында құқық жүйесінің ішкі салаларын (отрасль) реттеу нысаны бойынша анықтайды. Оны құрайтын қоғамдық қарым-қатынастардың ерекше түрлері, ал осы ерекшеліктер өзіне сәйкес реттеудің арнайы режимін талап етеді: «особый режим регуляции, обеспечиваемый всякой отраслью права, заключается, прежде всего, в определенных способах и приемах регулирования, сочетание которых воплощается в присущем лишь данной отрасли методе правового регулирования» [7, 135].

Осылайша әдет-ғұрып заңдарының реттеушілік қызметі ең алдымен олардың өмірдің белгілі бір саласына сәйкестігімен түсіндіріледі. Тарихи-құқықтық жағынан сараптау тұрғысынан ол құқықтық ережелерді өмірдің өзі туғызған деп айта аламыз. Осы жағынан алып қарағанда қазақтың әдет-ғұрып заңдары көшпелі қоғамның ішінде біте қайнаған, оның өмір сүру заңдылықтарынан өз бастауын алатын құбылыс. Тағы бір арнайы ескерте кететін мәселе - қазақтың әдет-ғұрып заңдары қазақ халқының өзінің қоғамдық адами тіршілігін реттеу үшін туғызған және қалыптастырған құндылықтары. Олай болса мемлекет және құқық тарихында осыншама бай тәжірибесі бар халықтың өзінің өмір сүруіне қажетті реттеу тетіктері болып табылатын заң ережелерін өмірге келтіруге мүмкіндігі болғанын айта аламыз.

Жаңа талаптарға сәйкес атқарылатын істер халқымыздың игілігіне бағытталып, оның кемелді дамуына сәйкестеліп жүргізіледі деп ойлаймыз. Қазақстан Республикасының Президенті дәстүрге қатысты ойын былай деп білдірді: «Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды. Патшалықтың, төңкеріс дүмпуі мен тоталитаризмнің барлық ауыртпалығы мен қиыншылықтарына қарамастан, біздің еліміздің аумағында тұратын қазақтар және басқа да халықтардың өкілдері өздерінің мәдени ерекшеліктерін сақтай алды. Тәуелсіздік жылдарында, жаһандану мен вестернденуге қарамастан, біздің мәдени іргетасымыз беки түсті. Қазақстан - бірегей ел. Біздің қоғамда әртүрлі мәдени элементтер бір-бірімен біріккен және бірін-бірі толықтырып тұрады, біріне-бірі нәр беріп тұрады. Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы әралуандығымен және ұлылығымен

қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді атқаратын ролі зор болмақ. Мемлекетіміздің бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек» [8, болашақ басымдықтары қатарынан бұл құқықтық тетіктер де өз орнын тауып, реттеушілік бере алатын дәстүрлі құқықтық тетіктердің де қызметін атқарады деп үміттенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050»: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2014, 14 қаңтар. – 8 б.
2. Мұқанов С. 16 томдық таңдамалы шығармалар. - Алматы: Жазушы, 1979. 15 том. 187 б.
3. Зиманов С.З. Казахский суд биев - уникальная судебная система. - Алматы, 2008. 224 с.
4. Казахско-русские отношения в XVIII-XIX вв. (1171-1867). - Алматы: Наука, 1964. – 573 с.
5. Назарбаев Н.А. Казахстанский путь. Последнее кочевье// Азиатский прорыв. - Астана: «Казахстанский Институт «Свободное Общество», 300 с.
6. Өзбекұлы С. Қазақстанның саяси-құқықтық ой-пікір тарихының өзекті мәселелері. - Алматы: «Білім», 2004. – 128 б.
7. Алимжан К.А. Вопросы теории обычного права. - Алматы: ОФ «Интерлигал», 2003. – 320 с.
8. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2012, 15 желтоқсан. – 8 б.



Мақала жаһандық сын-қатерлерге ықпал ететін құқықтық тетіктерге арналған. Мақалада дәстүрлі құқықтың реттеушілік және нормативтік ролі мен негізгі белгілері көрсетіледі. Сонымен қатар еуразиялық кеңістіктегі құқықтық жүйенің негізгі басымдықтары қарастырылады.

Түйін сөздер: Еуразиялық экономикалық одақ, интеграциялық бірлестіктер, құқық, шарт, мемлекет, дәстүр, тәртіп, басымдық, феномен, билік.

Статья посвящена некоторым вопросам традиционной правовой системы и правовым механизмам, влияющим на регулирование глобальных вызовов. В статье раскрываются основные признаки и некоторые правовые проблемы касательно регулятивной нормативной роли традиционного права. Также рассматриваются основные приоритеты правовой системы евразийского пространства.

Ключевые слова: Евразийский экономический союз, интеграционные объединения, право, договор, государство, традиция, порядок, приоритет, феномен, власть.

The article is sanctified to some questions of the traditional legal system and legal mechanisms of influencing on adjusting global calls. In the article basic signs and some legal problems open up concerning the регулятивной normative role of traditional right. Basic priorities of the legal system of Eurasian space are also examined.

Keywords: the Eurasian economic union, integration associations, rights, agreement, state, tradition, order, priority, phenomenon, power.

Жамаладен Ибрагимұлы Ибрагимов,

ҚР Заң шығару институты халықаралық заңнама және салыстырмалы құқықтану бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері, т.ғ.к., доцент

Жаһандық сын-қатерлерге ықпал етуші құқықтық тетіктер

Ибрагимов Жамаладен Ибрагимович,

ведущий научный сотрудник отдела международного законодательства и сравнительного правоведения ИЗ РК, к.и.н., доцент

Правовые инструменты, влияющие на глобальные вызовы

Ibragimov Zhamaladen,

leading research fellow of the Department of International legislation and Comparative Law of the Institute of legislation of the Republic of Kazakhstan, c.h.s., associate professor

Legal arrangements affecting the world tests-threats

